Беневрон БФ
Benevron BF

Қолдану жөніндегі нұсқаулық

Бір таблетканың құрамында
Белсенді заттар:

Тиамин мононитраты (B_1 витамині)	250 мг
Пиридоксин гидрохлориді (B_6 витамині)	200 мг
Рибофлавин натрий фосфаты рибофлавинді қайта есептегенде (B_2 витамині)	15 мг
Фолий қышқылы (B_9 витамині)	0,50 мг
Цианокобаламин (B_{12} витамині)	0,25 мг

***Қосымша заттар*:** повидон К30, микрокристалды целлюлоза, кальций гидрофосфат дигидраты, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы, натрий метабисульфиті, динатрий эдетаты, моногидрат лимон қышқылы, натрий цитраты, натрий метилгидроксибензоаты, натрий пропилгидроксибензоаты, натрий кроскармеллозасы, магний стеараты.

Сипаттамасы
Ішекте еритін қабықпен қапталған таблеткалар.
Қызыл түсті, дөңгелек, екі беті дөңес, ішекте еритін қара-қызыл түсті қабықпен қапталған таблеткалар.
B_1 витамині (тиамин мононитраты) организмнің өсуі мен дамуына ықпал ететін жасушалық энергетик болып табылады, ақыл-ой және дене еңбегіне қабілеттілікті арттырады, уытсыздандыру әсері бар, сондай-ақ жүйке тіндерінің метаболизмін жақсартады. Тиамин, әсіресе жүйке және бұлшықет тіндерінде, көмірсу және энергетикалық алмасуда маңызда рөл атқаратын ферменттер қатарындағы коферменттердің құрылуына қатысады. B_1 витамині көмірсу, ақуыз және майлардың алмасуында, синапстардағы жүйке қозуларында, миокардиоциттердегі метаболизмдердің жақсаруына және олардың анемиялық миокардиодистрофиялардағы қысқартылатын функцияларында маңызды рөл атқарады.
B_2 витамині (рибофлавин) жасушалық тыныс алудың және көріп қабылдау үдерісінің маңызды катализаторы болып табылады. Рибофлавин, тотығу-тотықсыздану үдерісін реттейді, ақуыз, майлар мен көмірсулардың алмасуына қатысады, көру мүшесін қалыпты ұстауға, гемоглобин мен эритропоэтина синтезіне ықпал етеді.
B_6 витамині (пиридоксин гидрохлориді) қанықпаған май қышқылдарының қолданылуын жақсартады, жүйке жүйесі қызметіне, бауырға, қанның түзілуіне жақсы әсер етеді. Пиридоксин құрамында күкірт бар таурин аминқышқылының синтезіне ықпал етеді, ол жүйке-жүйесінің өткізгіштігін, бұлшықеттің тартылыуын қалыпқа келтіреді, құрысудың пайда болуының алдын алады. Триптофан, метионин, цистеин, глутамин және басқа да амин қышқылдарының алмасуына қатысады, гистаминнің алмасуында маңызды рөл атқарады. Липидтердің алмасуының жақсаруына әсер етеді. Пиридоксиннің жеткіліксіздігі анемияны, дерматитті және құрысуды тудырады.
B_9 витамині (фолий қышқылы) ішек микрофлораларымен синтезделуі мүмкін. Фолий қышқылы организмде кофермент болып табылатын, әртүрлі метаболизмдік үдерістерге қатысатын тетрагидрофолий қышқылына дейін қалпына келеді. Фолий қышқылы мегалобластардың дұрыс жетілуіне және нормобластар түзілуі үшін қажет. Эритропоэзді стимуляциялайды, амин қышқылдары (оның ішінде глицин, метионин), нуклеин қышқылдары, пуриндер мен пиримидиндердің синтезіне, холин, гистидин алмасуына қатысады.

B_{12} витамині (цианокобаламин) организмнің тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін биохимиялық реакцияларға қатысады (метильді топтардың көшуі, нуклеин қышқылдарының, ақуыздардың синтезі, аминқышқылдарының, көмірсулардың, липидтердің алмасуы). Цианокобаламин қалыпты қан түзілуі үшін және эритроциттердің жетілуі үшін қажет. Құрамында сульфгидрильді топтар бар қосылыстардың эритроциттерде жинақталуына ықпал етеді, бұл олардың гемолизге төзімділігін ұлғайтады. Цианокобаламиннің коферментті формалары – метилкобаламин және аденозилкобаламин, жасушаның репликациясы мен өсуіне қажет. Цианокобаламин жүйке жүйенің процесстеріне ықпал етеді (РНК, ДНК, миелина синтезі, цереброзидтер мен фосфолипидтердің липидтік құрамы), перифериялық жарақатпен байланысты ауыруды сезінуді азайтады. B_{12} витамині қандағы холестерин концентрациясын төмендетеді, бауыр мен жүйке жүйесінің функциясына жағымды әсер етюді, тіндердің регенерацияға қабілетін жоғарылатады.

Қолданылу аумағы
B_1, B_2, B_6, B_{12} және фолий қышқылы гипо- және авитаминоздарының алдын алу үшін тағамға биологиялық белсенді қоспа ретінде ұсынылады.

Қолданылуы
Кешенді ем немесе жүрек-қан тамырларының ауруы және неврологиялық жабырқауларда қолданылуы мүмкін. Үйлесімсіз тамақтану немесе нәрлі заттар мен энергетикалық заттарға аса қажеттілік кезінде, төмендегідей жағдайларда:
- қоршаған ортаның жағымсыз әсері;
- денеге түсетін жоғары ауырлық және стресс;
- ұйқысыздық, созылмалы шаршағыштық, тез шаршағыштық;
- зиянды өмір салты (темекі шегу, алкоголь ішу);
- қатты ауыр аурулардан кейін.

Қолдану тәсілі және дозалары
Беневрон БФ тамақтану кезінде немесе тамақтанудан кейін 1 таблеткадан тәулігіне 1-3 рет қабылдау керек.
Курс пен дозалануы жекелей таңдалады.

Айрықша нұсқаулар
Өнімнің құрамында рибофлавиннің бар екендігін ескере отырып, Беневрон БФ қолданғанда несептің сары түске боялауы мүмкін екендігін ескеру керек.
В тобындағы витаминдері бар басқа өнімдермен қатар қабылдаған кезде гипервитаминоз болмау үшін өнімді ескере отырып қабылдау керек, бірақ бұндай жағдалар сирек кездеседі, себебі В тобындағы витаминдер суда еріп кетеді және артық мөлшері несеппен шығып кетеді.
Жүктілік және лактация кезеңінде өнімді тек қатаң көрсетімдер бойынша және пайда/ қауіп арақатынасы мұқият бағаланғаннан кейін тағайындалады.

Шығарылу түрі мен қаптамасы
Ішекте еритін қабықпен қапталған таблеткалар.
ПВХ үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға 10 таблеткадан салынған.
2 пішінді ұяшықты қаптамадан қолданылуы жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон пәшкеге салынған.

Сақтау шарттары
Құрғақ жерде, 25ºС-тан аспайтын температурада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сатылу шарттары:
Дәріхана жүйесі және арнайы дүкендер, сауда жүйесінің арнайы бөлімдері арқылы.
Мемлекеттік тіркеу куәлігі №
KZ_____
Тағамға биологиялық белсенді қоспа.
Дәрілік зат болып табылмайды.

Сақтау мерзімі:
3 жыл.
Сақтау мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Өндіруші
«УОРЛД МЕДИЦИН ИЛАЧ САН. ВЕ ТИДЖ. А.Ш.»
Багджылар Илчеси, Гюнешли, Эврен Махаллеси, Джами Йолу Джад. №50 К. 1В Земин 4-5-6, Стамбұл/ Түркия.

Сауда маркасы мен мемлекеттік тіркеу куәлігінің иесі
«УОРЛД МЕДИЦИН ИЛАЧ САН. ВЕ ТИДЖ. А.Ш.» компаниясы болып табылады, Стамбұл/ Түркия.

Қазақстан Республикасының аумағында өнімнің (тауардың) сапасы бойынша тұтынушылардың шағымдардын қабылдайтын ұйымның мекен-жайы:
«РИН Фарм» ЖШС, Алматы қ., Сүйінбай д-лы 222Б
Тел/факс: +7 (727) 2529090